«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕ БӨЛІМІНІҢ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы бойынша жұмыс жүруде

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Рухани –адамгершілік қасиетке тәрбиелеу;
2. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
4. Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

- «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі ЖШС тәрбие жұмысының мақсаты жан-жақты дамыған тұлғаны ұлттық және азаматтық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелік мақсаттарға жету үшін педагогикалық ұжым жұмыстың түрлі үлгілерін қолданады: топ белсенділерімен жұмыс, колледждің студенттік кеңесімен, студенттермен және олардың ата-аналарымен жеке жұмыс, кураторлар жұмысы. Құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында құрылған №2 мобильді топтың бірлескен іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тәрбие жұмысының басым бағыттары бойынша және құқық бұзушылықтық алдын- алу мақсатын да жастар ісі жұмысы жөніндегі комитет колледждің ішкі есебінде тіркелген студенттермен жеке жұмыстар ұйымдастырып, куратор тарапынан келіп түскен өтінімдер бойынша жұмыстар жүргізілуде. Колледжде студенттік өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. Студенттердің өзін-өзі басқару Президенті дауыс беру арқылы 1 жылға сайланады және өз жұмысын «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжінде «Студенттердің өзін-өзі басқаруы президенті туралы ережеге» сәйкес жүзеге асырады. Студенттердің өзін-өзі басқару қызметін дауыс беру арқылы тікелей сайлау құқығы негізінде сайланған президент үйлестіреді. Президент болмаған жағдайда оның міндеттерін вице-президент атқарады. Студенттердің өзін-өзі басқаруы келесі бағыттар бойынша жұмыс атқарады:
- 1. Ақпараттық бағыт:
- сайттағы колледж өмірі оқиғаларын көрсетеді;
- https://www.facebook.com/profile.php?id=100029401874544
- https://www.instagram.com/tv/CU4OoVSDFdT/?utm_medium=copy_link
- колледжде сабақтан тыс іс-шаралар өткізу үшін ақпараттық материалдар дайындау.
- 2. Ұйымдастыру бағыттары:
- колледж бойынша үлгерім мен қатысымды қадағалау;
- колледжде сабақтан тыс іс-шара ұйымдастырып, өткізу.
- 3. Волонтерлық бағыт:
- іс-шара өткізуде волонтерлық көмек көрсету, сенбіліктерге қатысу, әлеуметтік бағыттағы қалалық, облыстық іс-шаралармен қамтамасыз ету.

Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 1,2,3 курс студенттері арасында кездесу өткізілді.


ПБ 1-ПБ ювеналдық полиция қызметкері ,полиция аға лейтенанты Баймамыров Нұрәділ Манатұлы және Тараз қаласы ПБ 1-ПБ КПБ аға жедел уәкілі , полиция капитаны Макка Жамбыл қатысты.

Кездесу барсында буллинг пен кибербуллинг зияны туралы бейнероликтер көрсетіліп, жастарға өзара сыйластық, жауапкершілік және саналы әрекет жасау мәдениеті түсіндірілді.















- « Жастар ресурстық орталығы» маманы Амангелді Нұрзат Нұрланұлы колледж студенттері арасында «Жемқорлықты жеңген елдер» атты адалдық сағаты өтті. Мақсаты: студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық, әділдік және отансүйгіш сияқты құндылықтарды насихаттау. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың зияны мен оның алдын алу жолдары туралы білім беру және жастарды өз еліміздің болашағы үшін жауапкершілік сезімін арттыру. Іс-шараға: ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Ажибаев Айбек Иткараевич; Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқарамасы « Жастар ресурстық орталығы» КММ директор орынбасары Медеу Мырзатай;Жамбыл облысы және Тараз қаласы ауған соғысы ардагері қоғамының төрағасы , ҚР «Құрмет» орденінің иегері, қоғам белсендісі Ермеков Дүкенбай Сайлаубекұлы қатысты.










2-3 курс студенттері арасында « Тұрмыстық зорлық- зомбылық проблемасының өзектілігі» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге төмендегі мамандар қатысты.

- 1. Тойшыбаев Талғат Айтбайұлы- Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы
- 2. Ибраева Райхан Ануарбекқызы – ардагер ұстаз
- 3. Баягизова Ляззат Маратқызы- 12 мектеп гимназиясының әлеуметтік педагогы
- 4. Мейрамбекова Зарина Нұржанқызы – Отбасы тұрмыстық зорлық –зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы полиция лейтенанты
- 5. Тюлюбекова Зарина Бекмуратовна – 2 қалалық емхана әлеуметтік -педагог











- Тараз қаласы , Жамбыл даңғылында орналасқан жатақханада тұратын студенттерге жалпы жатақхана жайлы ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды. Жыл бойы жоспарға сәйкес тәрбиелік және мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Сонымен қатар колледждің педагог-психологы Момынжанова Гулнур Серибаевна студенттерге « Инсайт» психологиялық клубтың жұмысымен таныстырып, « Менің өмірімдегі міндетім» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.







1-4 курс студенттерінің ата-аналары арасында ата –аналар жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында колледждің ішкі тәртіп ережелерімен , оқу және практика барысымен таныстырылды. Сомен қатар, маңызды тақырыптар-буллинг, кибербуллинг және ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: ата-ана , ұстаз және студент арасындағы байланыс пен түсінікті арттыру, қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қалыптастыру.














Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі « Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 20 қазан күні суицидтің алдын -алу мақсатында « Өмір , сен маған өқымбатсың» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өткізілді. Кездесуге М.Әуезов атындағы №33 орта мектептің педагог-психологі Мелдебекова Ляззат Парымбекқызы арнайы шақырылып,жастармен психологиялық әңгіме жүргізді. Дөңгелек үстел барысында студенттермен мірдің маңызы, адам психологиясындағы қиындықтармен күресу жолдары , сондай-ақ күйзеліс пен стресс жағдайларынан шығудың тиімді тәсілдері туралы пікір алмасу өтті.











- Тараз қаласы ішкі саясат бөлімінің « Жастар ресурстық орталығы» КММ дін және жастарға қызмет көрсету секторының меңгерушісі Зүннүнқожа Зұлқайнарнайн Бұрханұлының қатысуымен 1-курс студенттеріне арналған кездесу өтті. Кездесудің мақсаты: жастар арасында діни сауаттылықты арттыру, радикалды көзқарастардың алдын алу және толеранттылық құндылығын насихаттау болды.



- « Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамыту және командалық рухты арттыру мақсатында « IQ Republik» интеллектуалды ойынын ұйымдастырды. Ойын барысында қатысушылар өз білімін , тапқырлығын және жылдам шешім қабылдау қабілеттерін сынап көрді.





«Зорлық зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.Дөңгелек үстелге Тараз қаласы полиция басқармасы 1-ші полиция бөлімі Отбасы тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы полиция лейтенаты Мейрамбекова Зарина Нұржанқызы мен колледжге бекітілген « Жасөспірімдер істері жөніндегі учаскелік инспекторы» Баймамыров Нұрәділ Манатұлы арнайы қонақ ретінде келіп, бүгінгі таңда белең алып жатқан зорлық-зомбылықтың туындау себебі –салдары және оның алдын алу шаралары студенттерге заң аясында кәсіби түрде түсіндірме жұмысын жүргізді.







- Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі « Жастар русурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен « Тараз-қауіпсіз қала» жобасы аясында « Заң бәрімізге ортақ» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Іс-шараның мақсаты: жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықбұзушылықтың алдын алу және заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру.







- 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған тағылымды әрі мазмұнды іс-шара өтті. Іс-шара барысында ел тарихы, азаттық жолындағы күрес, ұлттық құндылықтар мен егемендіктің маңызы кеңінен насихатталды. Студенттер мен оқытушылар тәуелсіз елдің болашағы –білімді, саналы ұрпақ екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.










- 1-2 курс студенттері арасында нашақорлық пен құқық бұзушылықтыңалдын алу тақырыбында маңызды кездесу Ұйымдастырылды.
- Кездесуге әділет подполковнигі Әміржан Бақытұлы Дәулетқұлов;
- Әділет капитаны Руслан Жеңісұлы Балықбаев;
- Әлілет лейтенанты Элес Абдрахимұлы Ахметов қатысты. Іс-шара барысында мамандар студенттерге нашақорлықтың адам өміріне, денсаулығына және болашағына тигізетін зияны, сондай-ақ құқық бұзушылықтың заң алдындағы жауапкершілігі туралы нақты мысалдармен түсіндірді.









- «Заң және тәртіп» жобасы аясында Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі « Жастар ресурстық орталығы» КММ және Жамбыл облыстық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесе отырып, 1-2 курс студенттер арасында профилактикалық кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты: жастар арасында есірткіге қарсы көзқарасты қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және заң алдындағы жауапкершілікті түсіндіру болды. Іс -шара аясында Жамбыл облысы Полиция департаменті Кинология орталығының мамандары арнайы үйретілген иттердің қатысуымен қойылым көрсетіп, есірткі заттарын анықтпау барысын, шабылдаушы иті қалай жұмыс істейтіні туралы көрсетілді.











- « Отты соғыс жылдары» тақырыбында МБС-11-24Г тобы арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс –шараның мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихи оқиғаларды еске алу, батырлардың ерлігін насихаттау және студенттердің тарихи санасын қалыптастыру. Іс шараны МБС-11-24Г тобының жетекшісі Бекишова Гульназ Нурлановна ұйымдастырып, студенттердің белсенді қатысуына ықпал етті.







- « Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында 1 курс студенттері арасында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. ЕМС -11-15 және ЕМС-12-25 тобының студенттері белсене қатысты. Топ кураторы Альмаханова Айсулу Жарылкасыновна , Сахмолдинова Диана







- МБС-11-25 тобы және топ жетекшісі Момынжанова Гулнур Серибаевнаның ұйымдастыруымен « Ерлік –елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлы жеңістің 81 жылдық мерекесіне орай студенттерді өз Отанын, елін, жерін сүюге , Отанын қорғай білуге тәрбиелеу.







- Жамбыл облысы әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығының инспекторы Атамқұлов батырбек Керімбайұлының қатысуымен « Қазақстан» –зайырлы мемлекет : ар-ождан еркіндігі» тақырыбында кездесу өткізілді.






- «Заң және тәртіп- қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі» атты форматта кездесу өткізілді. Аталған кездесуге Жамбыл облысы Полиция басқармасының аға жедел уәкілі,полиция майоры Қошмағанбетов Мұхаммад Сейтмаханұлы , Жамбыл облысы Жастар ұйымдары Қауымдастығының басқарма басшысы Намелбек Азамат Намелбекұлы және Орталық бөлім басшысы Нарегеев Әлихан Бауыржанұлы қатысты.







- Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық рейд іс-шаралары өткізіліп тұрады. Аталған іс –шараға полиция аға лейтенанты Баймамыров Н, Полиция майоры Абжанов С қатысты. Рейд барысында студенттерге түнгі уақытта жүру, суық қару алып жүрудің салдары, сондайақ кәмелет жасқа толмаған студенттердің заң алдындағы міндеттері толықтай түсіндірілді.





- «Қыз тәрбиесі –ұлт тәрбиесі» тақырыбында 1-2 курс студенттері арасында тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Кездесудің негізгі мақсаты- қыз балаларға ұлттық тәрбие , әдептілік, адамгершілік құндылықтар мен қыз бала тәрбиесінің қоғамдағы маңызын түсіндіру. Іс-шараға психолог және акушер мамандар қатысты.





- «Жылдар мен жолдар» жобасы аясында «Жаңару» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының директоры Төлендиев Қасымхан Естемесұлымен кездесу өткізілді.
- Кездесу барысында ел дамуына қосқан үлесі және жастар тәрбиесі жайында тағылымды әңгімелер айтылды.







- «Халықтық құқықтық сауаттылығын арттыру және медиатциялық қызметтер орталығының жұмысын ұйымдастыру» жобасы аясында « Келіссөз процесінің негіздері, медиация және медиатор құзіреті, жанжал жағдайындағы мінез-құлық» тақырыбында кездесу өткізілді.







- Өмірді таңда-сен маңыздысың» тақырыбында 1-2 курс студенттері арасында суицидтің алдын алу мақсатында кездесу тренинг өткізілді. Іс-шараға психологтар Султанова Жанат Абдыхапаровна, Абдилдаева Гулдариға Абдықадыровна және қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің аға прокуроры Қасымбеков Бауыржан Аманбалаұлы қатысты. Кездесу барысында жасөспірімдер мен жастар арасында кездесетін психологиялық қиындықтар , күйзелістің алдын алу, өмірдің құндылығы мен адам денсаулығының маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.







- 1-2 курс студенттері арасында « Ерте жүктіліктің алдын алу және репродуктивтік денсаулық» тақырыбында қыздар арасында мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесудің мақсаты: жасөспірімдерді салауатты өмір салтына, отбасының амандығы мен бақытына деген құнды қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал ету, ерте жүктіліктің алдын алу. Аталған іс-шараға Жамбыл облыстық ЖИТС орталығының мамандары Дулатбаева С, Шамурзаева Г және Денсаулық сақтау маманы Аширова Ш, Е.Цой қатысты.






- Жастар рухы Болашақ волонтерлік ұйым жұмыс жасауда.

«Жастар Рухы» ЖҚ ұйымының«Тараз–Болашақ» жоғары медициналық колледжінің белсенді студенттері 2025 жылды жарқын табыстармен қорытындылады.

«Жастар Саяси Республикалық Лагері – 2025» АКС 21–23 тобының студенті Кеншибек Тоғжан республикалық лагерьге делегат ретінде қатысып, 500-ден астам делегаттың қатарында болды.



«Таза Қазақстан» эстафетасы

Студенттеріміз экологиялық бастамаға белсенді қатысып, 60 тонна қоқыс жиналуына,500 шақырым жол жүруіне үлес қосты. Бұл – нағыз азаматтық жауапкершілік





- «Жас көшбасшы» жастар платформасы ЕМС 11–23гр тобының студенті Жұмахан Асқар Астана қаласында өткен жастар алаңында: ҚР Parlamentinde өткен сабақтарға қатысып, «Bir Tolqynda» форматындағы кездесулерде болды , көптеген trening sessiondar арқылы тәжірибе алмасты.





- Сондай-ақ, студенттеріміз өз ойларымен бөлісіп, сұхбат беріп,Jambyl TV және Astana TV телеарналарында көрінді. Сонымен қатар, колледж студенттері«Жыл белсендісі»«Үздік ұйым» номинациялары бойынша қала әкімшілігінің сертификаттарымен марапатталды.





- **«Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі ЖШС**

2025-2026 оқу жылының жатақхана кезекшілігінің фото есебі









STÝDENTTER ÚII




Calvin Klein




GAP